



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Макросауалнама: сарапшылар 2026-2028 жылдарға арналған
экономиканың өсуі мен инфляция болжамдарын жаңартты**

Астана қ.

2026 жылғы 16 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижелерін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнайдың бағасы, Қазақстан экономикасының өсуі, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ теңге бағамы – сауалнаманың негізгі параметрлері болды.

Мұнай бағасы мен экономиканың өсуі

Мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары барлық болжамды кезеңде шамалы өзгерді. Brent маркалы мұнай бағасы 2026 жылы бір баррель үшін орташа есеппен **84,6** АҚШ доллары, 2027 және 2028 жылдары тиісінше **75** және **71,8** АҚШ доллары деңгейінде болады деп күтіледі.

Қазақстан экономикасының өсуіне қатысты болжамдар айтарлықтай өзгерген жоқ. ЖІӨ өсімінің болжамы 2026 жылға **4,8%**, 2027 жылға **4,6%**, 2028 жылға **4,3%-ға** тең.

Инфляция мен базалық мөлшерлеме

Сарапшылардың 2026 жылға арналған **инфляция** бойынша болжамы **10%** деңгейінде сақталды, 2027 жылға арналған болжам 8%-дан **7,8%-ға** дейін жақсарды, ал 2028 жылға арналған болжам **6,8%** деңгейінде сақталды.

Сарапшылардың **базалық мөлшерлеме** бойынша күтулері бүкіл болжамды кезеңде өзгеріссіз қалды. 2026 жылдың соңына арналған болжам **16%**, 2027 жылға – **12,8%**, 2028 жылға – **10,6%-ға** тең.

Сауалнамаға қатысушылардың құрамы туралы

Сауалнамаға Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштерін талдау және болжаумен айналысатын **16 ұйым** қатысты. Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктер кіреді.

Макроэкономикалық сауалнамаға **Ұлттық Банк болжамдары кірмейтінін** атап өтеміз. Ол қазақстандық және әлемдік нарықтардағы жағдайдың дамуына қатысты нарықтың кәсіби қатысушыларының тәуелсіз пікірлері, бағалаулары және күтулеріне негізделген шолудан тұрады.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz